

**Жоба тақырыбының атауы:** AP23490441 "Солтүстік өңірлердің ауылдық аумақтарын кеңістікте дамыту жағдайында АӨК әлеуетін іске асыруды зерттеу, ауыл халқының әл-ауқатын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу"

**Жобаның өзектілігі:** Соңғы онжылдықтарда ауылдық аумақтарды дамыту мәселесі мемлекет қайраткерлерінің, ғалым экономистердің, әлеуметтанушылардың, қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың назарында болды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінде ауыл ерекше орын алады. Елде халықтың 38,5% - ы немесе 7,5 млн. адам тұратын 6 мыңнан астам ауылдық елді мекен бар. Алайда урбанизация қарқынына байланысты соңғы жылдары ауыл халқының үлесі тұрақты түрде төмендеп келеді.

Зерттеу жобасы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарының мысалында ауылдық аумақтар мен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына әсер ететін негізгі экономикалық, әлеуметтік-мәдени, экологиялық, саяси факторларды терең, жүйелі және кешенді зерттеуге бағытталған. АӨК және ауылдық аумақтар көп функциялы ерекшеліктерге ие, сонымен бірге ел үшін көптеген күрделі және қажетті функцияларды, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз етуді орындайды. Алайда, аталған салалардың көпфункционалды әлеуетін іске асыру үшін ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарды кеңістікте дамыту бойынша, әсіресе ұлттық және өңірлік басқару органдарының іс-қимылдарын үйлестіру бөлігінде мемлекеттің ұйымдық рөлін едәуір арттыру қажет.

**Жобаның мақсаты:** Ауылдық аумақтардың орнықты өсуін, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды және ауыл халқының әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясат шараларының өзара байланысын зерделеу. Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының мысалында ауыл халқын жұмыспен қамтудың құрылымын, ерекшелігін және проблемаларын зерттеу, ауыл шаруашылығы еңбегінің жай-күйі мен табыстылығын бағалау, ауыл халқының әл-ауқатын арттыру бойынша ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу.

**Күтілетін нәтижелер.** Зерттеу жобасының нәтижелері мемлекеттік аграрлық саясат, ауылдық аумақтарды дамыту саясаты және ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру саласындағы білімді жүйелеуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Зерттеу нәтижесінде ауылдық аумақтардың орнықты өсуінің, солтүстік өңірлердің агроөнеркәсіптік кешенінің өзара байланысын және ұлттық азық-түлік және аумақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясат шараларын кешенді зерделеу жүргізілетін болады.

Ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтудың өнімділігіне әсер ететін әртүрлі факторлар қарастырылады, бұл сондай-ақ осы саладағы еңбек өнімділігі мәселелерін терең және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде жұмыспен қамту жағдайында адами капиталды іске асыру және дамыту мәселелері қаралатын болады.

Өңіраралық және аумақаралық экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және т.б. факторлардың ауылдық аумақтарды дамытуға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуы мен нәтижелілігіне әсер ету дәрежесі мен рөлі зерделенетін болады.

Зерттеу қорытындысы бойынша жарияланатын болады:

- Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында кемінде 35 (отыз бес) CiteScore бойынша процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдардағы 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар;

- КОКНВО ұсынған рецензияланған шетелдік немесе отандық басылымда 4 (төрт) мақала немесе шолу.

- 1 (бір) ғылыми монография

- 1 (бір) ұсыныс.

Зерттеу нәтижелерін ұсыну үшін Парламент депутаттары мен мемлекеттік органдардың өкілдерін шақыра отырып ғылыми конференция ұйымдастырылады және өткізіледі

Зерттеу қорытындысы бойынша Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының мысалында ауылдық аумақтардың, ауыл шаруашылығының теңгерімді және орнықты дамуын қамтамасыз ету және ауыл халқының әл-ауқатын арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірленетін болады.

**Зерттеу тобының мүшелері:**

**Жоба жетекшісі** - Бодаухан Қайрат, С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ "Менеджмент және маркетинг" кафедрасының қауымд. профессоры., **индекс Хирша: 2**; <https://orcid.org/0000-0002-3232-5315>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194385238>

**Зерттеу тобы:**

1. Карабасов Расул Асылбекович, қауымд. профессор, э.ғ.к., С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ "Менеджмент және маркетинг" кафедрасының меңгерушісі

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194524235>, <https://orcid.org/0000-0003-1963-3097>

2. Кочийигит Жанерке, Н.Ә. Назарбаев университеті мемлекеттік саясат PhD докторанты, Еуразиялық гуманитарлық зерттеулер институты директорының орынбасары, **индекс Хирша: 2**, Scopus Author ID: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57200284909>, <https://orcid.org/0000-0001-5176-0446>

3. Амерханова Индира Кулатаевна, PhD, С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ аға оқытушысы, Индекс Хирша 1 . Researcher ID Web of Science: <https://www.AFM-6114-2022Scopus.com> 7. Author ID: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57208247101>, <http://orcid.org/0002-0846-3232>

4. Нұрболат Құрметұлы, ҚР ҰЭМ «Экономикалық зерттеу Институты» АҚ Өңірлік даму орталығының директоры, экономика магистрі

5. Утеулина Бакыткул Кенесовна, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы халық статистикасы департаменті директорының орынбасары, <http://ORCID.iD/0009-0009-6314-9658>

**Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат:**

Зерттеу нәтижесі ауыл халқының табысының құрылымын, қалыптасу көздерін және саралау дәрежесін кешенді зерттеу үшін әдіснамалық негіздерді әзірлеу болып табылады. Жоба бойынша зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару органдарының практикалық қолдануының әдіснамалық базасы ретінде пайдаланылуы мүмкін.